

## Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулысын күші жойылған деп тану туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 172/6 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес Шарбақты ауданының/әкімдігі/**ҚАУЛЫ/ЕТЕДІ**:

1. Шарбақты ауданы әкімдігінің бұрын қабылданған, 2014 жылғы 25 ақпандағы "Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" № 68/2 қаулысының (Павлодар облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 28 наурызда № 3744 тіркелген, 2014 жылғы 10 сәуірдегі аудандық № 15 "Маралды" және № 15 "Трибуна" газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Б. Ыбыраев*